

**Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Қазақстан бойынша 30 секундтық саяхат.  
Туған жеріңіздің атауының сырын айтып беріңіз" байқауын өткізу шарттары**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. "Қазақстан бойынша 30 секундтық саяхат. Туған жеріңіздің атауының сырын айтып беріңіз" байқауының (бұдан әрі - Байқау) ұйымдастырушысы - "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк).

1.2. Байқауды өткізу кезеңі: 2021 жылғы 10 қарашадан 10 желтоқсанға дейін.

1.3. Байқауға қатысушылар: Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі — Қатысушылар), атап айтқанда, әлеуметтік желілердің пайдаланушылары.

1.4. Осы Байқауды өткізу шарттары (бұдан әрі — Шарттар) Байқауды өткізу, Байқауға қатысу, Байқау жеңімпаздарын анықтау тәртібін, сондай-ақ жүлделерді тапсыру тәртібін айқындайды. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

1.5. Байқауға Банк қызметкерлері, Банкпен айрықша байланыстағы тұлғалар, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың жақын туыстары қатыспайды.

1.6. Байқауды өткізу аумағы: Қазақстан Республикасы.

**2. Жүлде қоры**

2.1. Байқаудың жүлде қоры Банк қаражаты есебінен құралады және тек Байқаудың жүлде қоры ретінде ғана пайдаланылады.

2.2. Байқаудың жүлде қоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық салықтарды, алымдарды және аударымдарды қоса алғанда, 1 022 000 (бір миллион жиырма екі мың) теңгеден аспайтын соманы құрайды:

1 орын - 300 000 теңге;

2 орын - 200 000 теңге;

3 орын - 100 000 теңге;

және 20 ынталандыру сыйлығы – power bank (қуаттау құрылғысы).

Байқау жеңімпаздары Байқау аяқталғаннан кейін 5 (бес) күн ішінде анықталады. Жеңімпаздар туралы ақпарат Банктің әлеуметтік желілерінде Байқау жеңімпаздарын таңдаған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.

2.3. Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жүлдені алуға байланысты жеңімпаздардың алдында туындайтын барлық міндетті салықтарды төлеу міндеттемесін өз мойнына алады.

2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүлде қорын алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

**3. Байқау туралы ақпарат**

3.1. Осы Байқау туралы ақпарат

- ✓ Банктің әлеуметтік желілерінде орналастыру арқылы таратылады;

**4. Байқауға қатысу қағидалары**

"Қазақстан бойынша 30 секундтық саяхат" бейнеролигін түсіріңіз. Ауыл, қала, кент, өзен болсын, елдегі кез-келген сүйікті жеріңіздің тарихи атауының мағынасымен таныстырыңыз. Оның сұлулығын кемінде 30 секундқа созылатын шығармашылық бейнежазда көрсетіп, ақшалай жүлдені ұтып алыңыз.

4.1. Байқауға қатысушылар: Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі — Қатысушылар), атап айтқанда, әлеуметтік желілердің пайдаланушылары.

4.2. Біздің еліміздегі өзіңіз үшін маңызды орындардың бірі туралы кемінде 30 секундтық бейнеролик түсіріңіз, оның неге осылай аталғанын айтып беріңіз.

4.3. 10 қараша мен 10 желтоқсан аралығындағы кезеңде бейнероликті өзіңіздің Instagram парақшаңызға #KZ30Eubank ілмегімен орналастырыңыз.

- 4.4. @Eurasianbank парақшасына жазылып, оны өз бейнеролигіңіз қойылған пост астында белгіленіз.
- 4.5. Байқау жеңімпаздарының жүлде қорына ие болуы олардың Банк алдындағы міндеттемелерінің тоқтауына алып келмейді.

## **5. Ұтыс ойынын өткізу тәртібі**

- 5.1. Байқау жеңімпаздарын анықтау осы Шарттардың 2.2-тармағында көрсетілген мерзімде Банктің Алматы қ., Наурызбай батыр көшесі, 176 мекенжайындағы Бас кеңсесінде Байқауға қатысушылар жіберілмейтін жабық режимде жүргізіледі.
- 5.2. Байқауға қатысушылар арасында ұтыс ойынын өткізу үшін Банк кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын комиссияны құрады.
- 5.3. Комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттері:
- ✓ Конкурс жеңімпаздарын анықтау;
  - ✓ жеңімпаздарды көрсете отырып, тиісті хаттамаға қол қою арқылы қатысушылар арасында өткен Байқаудың нәтижелерін растау.
- 5.4. Банк жеңімпаздарды анықтау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.
- 5.5. Жеңімпаздарды анықтау нәтижелерін комиссия тиісті хаттамаға енгізеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.
- 5.6. Байқау жеңімпаздары қорытынды шығарылғаннан кейін Банктің әлеуметтік желілердегі парақшаларында Байқау жеңімпаздары анықталғаннан кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.
- 5.7. Байқау жеңімпаздарын анықтау нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

## **6. Жүлде қорын алу тәртібі мен мерзімдері**

- 6.1. Байқаудың әрбір қатысушысы Банктің әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланатын ұтыс қорытындыларымен өз бетінше таныса алады.
- 6.2. Әр жеңімпазға ұтысы туралы әлеуметтік желілер арқылы (direct-ке хабарлама жолдау арқылы) жеңімпаздар анықталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.
- 6.3. Осы шарттардың 2.1-бөлімінде көрсетілген Байқаудың жүлде қорын алу үшін жеңімпаздар Банктің қолданыстағы төлем картасының деректемелерін [press@eubank.kz](mailto:press@eubank.kz) сайтында көрсетулері қажет, егер жеңімпаздарда мұндай карта болмаса, онда олар <https://pay.smartbank.kz> хабарламасын алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде картаға тапсырыс берулері қажет. Банк жеңімпаздардан төлем карталарының деректемелерін алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүлде қорын аударуды жүзеге асырады.
- 6.6. Байқаудың жүлде қорына деген меншік құқығы Жүлдені қабылдау актісіне (№1.1 қосымша) қол қою сәтінде жеңімпаздарға өтеді.
- 6.7. Жеңімпаз Байқаудың жүлде қорынан бас тартқан жағдайда жеңімпаз Жүлдеден бас тарту туралы актіні (№1.2 қосымша) толтырады.

## **7. Қорытынды ережелер**

- 7.1. Байқауға қатысу фактісі Қатысушының осы Шарттармен толық келісетіндігін растайды.
- 7.2. Банк жеңімпаздардың есімдері мен фотосуреттерін жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын, жүлделерді беру рәсімін өзгерту және Байқау туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.
- 7.3. Банк кез келген сәтте алдын ала ескертусіз және себептерін түсіндірмей осы Шарттарды бұзатын, соның ішінде:
- ✓ Байқау қорытындыларын бұрмалауға бағытталған іс-әрекеттерге баратын;
  - ✓ Банк алаяқтық, алдау немесе Банк пен Байқауға қатысушылар үшін қолайсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін өзге де айла-шарғылар деп бағалайтын іс-әрекеттерді жасайтын;
  - ✓ Банктің, Байқауға қатысушылардың атына қорлайтын пікірлер мен намысқа тиетін сөздер айтатын, Байқау туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарататын адамдардың Байқауға қатысу мүмкіндігін бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.
- 7.4. Байқауды өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарды [press@eubank.kz](mailto:press@eubank.kz) мекенжайына жіберуге болады. Банк келіп түскен шағымдар бойынша оларды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шешім шығарады.

7.5. Банк кез келген уақытта Байқаудың күшін жою немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі дұрыс деп санайтындай етіп өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк Байқау шарттарының өзгергені туралы ақпаратты қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді.

**Жүлдені қабылдау актісі**

Мен, \_\_\_\_\_, жеке куәлік № \_\_\_\_\_ берілген күні \_\_\_\_\_ (құжатты берген орган), ЖСН \_\_\_\_\_, **"Еуразиялық банк" АҚ 10.11.2021- 10.12.2021 аралығында өткізіп жатқан "Қазақстан бойынша 30 секундтық саяхат. Туған жеріңіздің атауының сырын айтып беріңіз" байқауының Жеңімпазы екенім туралы хабардармын және \_\_\_\_\_ жүлдені алғанымды растаймын.**

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_, "Еуразиялық банк" АҚ өткізіп жатқан "Қазақстан бойынша 30 секундтық саяхат. Туған жеріңіздің атауының сырын айтып беріңіз" байқауының Жеңімпазы болып табыламын және ТАӘ; фотосуреттерімнің және сұхбатымның жарнамалық мақсатта өтеусіз негізде пайдаланылуына келісімімді беремін.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2021 жылғы бұйрықтың  
№1 қосымшасының №1.2-қосымшасы

### Жүлдеден бас тарту актісі

Мен, \_\_\_\_\_, жеке куәлік №  
\_\_\_\_\_ берілген күні \_\_\_\_\_ (құжатты берген  
орган), ЖСН \_\_\_\_\_, ""Еуразиялық банк" АҚ 10.11.2021- 10.12.2021 аралығында өткізіп  
жатқан "Қазақстан бойынша 30 секундтық саяхат. Туған жеріңіздің атауының сырын айтып беріңіз"  
байқауының Жеңімпазы екенім туралы хабардармын және осы арқылы жүлдені алудан бас тартатынымды  
растаймын.

Алдағы уақытта "Еуразиялық банк" АҚ-ға ешқандай талап қоймаймын.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

